# "Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары жөніндегі есептерді беру ережесін, мерзімін және нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 306 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 614 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6701 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 531 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 21.10.2015 № 531 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 64-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары жөніндегі есептерді беру ережесін, мерзімін және нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 17 тамыздағы № 5749 болып тіркелген, «Заң газеті» 2009 жылғы 28 тамыз, № 131 (1554); " Юридическая газета" 2009 жылғы 28 тамыз, № 131 (1728) газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары жөніндегі есептерді беру ережесі мен мерзімінің қосымшасында:

кестеде:

атауындағы «тәртібі мен» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10-1 | КО-ны бөлу жөніндегі есеп | 2-28-нысан | Күн сайын | Электрондық тасығышта | ҚК АҚБ | СК, АСО |

ескертпе мынадай аббревиатурамен толықтырылсын:

«КО - Кеден одағы»;

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес көрсетілген бұйрық 10-1 қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ( Қ.М.Досмұқаметов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның

кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануың қамтамасыз етсін
.

3. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр Б.Жәмішев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2010 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 614 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2009 жылғы 20 шілдедегі
№ 306 бұйрығына
10-1-қосымша
№ 2-28 нысаны
Есеп жүргізілді: XX.XX.XXXX XX:XX:XX

## КО-ны бөлу жөніндегі есеп БСК 106101 «Кедендік баж, салықтар немесе жиынтық кедендік төлемдердің бірыңғай ставкасын қолдана отырып, жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін әкелетін тауарларға салынатын кедендік баждарды, салықтарды қоспағанда, әкелінетін тауарларға салынатын кедендік баждар»

Өңір: XXXX
Күні: XX.XX.XXXX
Өлшем бірлігі: теңге

| Параметрлері | Бір күнде | Бір айда | Жыл басынан бастап |
|---|---|---|---|
| Түсімдер (92.67 %) | | | |
| Есепке алу (92,67 %) | | | |
| Қайтарым (92,67 %) | | | |
| Барлығы КО ҚБШ (92,67 %) | | | |
| Қазақстан Республикасының үлесі (7,33 %) | | | |
| Жиыны | | | |

Жауапты орындаушы_______________________________________(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК